

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1468 Қаулысы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1173 қаулысымен бекітілген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына біржолғы көмек (бұдан әрі - біржолғы көмек) төлеуге 1109618,0 (бір миллиард бір жүз тоғыз миллион алты жүз он сегіз) мың теңге сомасында көзделген қаражат облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қосымшаға сәйкес бөлінсін.

2. Қоса беріліп отырған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді жергілікті атқарушы органдардың пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 2005 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде біржолғы көмек төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі нысаналы трансферттердің пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

*Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1468 қаулысына*

қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.02. N 807 қаулысымен .

**Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен
мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге
берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу**

Р/с Облыстардың атауы	соғысқа	сомасы,	комиссиялық сомасы,
N	қатысу-	мың	сыйақы, мың теңге
	шылар-	теңге	мың теңге
	дың саны		

1	Ақмола	2052	61560	548	62108
2	Ақтөбе	1475	44250	349	44644
3	Алматы	3106	93180	829	94009
4	Атырау	700	21000	187	21187
5	Шығыс Қазақстан	5012	150360	1338	151698
6	Жамбыл	3087	62610	557	63167
7	Батыс Қазақстан	1710	51300	457	51757
8	Қарағанды	2937	88110	784	88894
9	Қостанай	2672	80160	713	80873
10	Қызылорда	854	25620	228	25848
11	Маңғыстау	404	12120	108	12228
12	Павлодар	2033	60990	543	61533
13	Солтүстік Қазақстан	2225	66750	594	67344
14	Оңтүстік Қазақстан	3482	104460	930	105390
15	Астана қаласы	885	26550	236	26786
16	Алматы қаласы	5027	150810	1342	152152
	Барлығы	36661	1099830	9788	1109618

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1468 қаулысымен

бекітілген

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді жергілікті атқарушы органдардың пайдалану ережесі

Осы Ереже 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (бұдан әрі - соғысқа қатысушылар) біржолғы көмек төлеуге көзделген ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) пайдалану тәртібін айқындайды.

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (

бұдан әрі - Министрлік) төлеуге берілетін шот негізінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ұсынған деректемелер бойынша 2005 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша бекітілген ағымдағы нысаналы трансферттердің жалпы сомасын бөлуге сәйкес және 018 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландырудың белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға соғысқа қатысушыларға біржолғы көмек төлеуге арналған қаражатты аударады.

2. Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды жергілікті атқарушы органдар бюджеттік заңнамаға сәйкес жүргізеді.

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалдары (бұдан әрі - Орталықтың филиалдары) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2005 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде 2005 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Орталықтан әлеуметтік төлемдер алатын соғысқа қатысушылардың тізімдерін, 2005 жылғы 15 желтоқсанға дейін - жаңадан келген соғысқа қатысушылардың тізімдерін қалалар мен аудандар бөлінісінде қосымшаға сәйкес электрондық және қағаз жеткізгішпен береді.

4. Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Республикалық ұлан (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2005 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде 2005 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша көрсетілген органдарда есепте тұрған соғысқа қатысушылардың тізімдерін, 2005 жылғы 15 желтоқсанға дейін - жаңадан келген соғысқа қатысушылардың тізімдерін қалалар мен аудандар бөлінісінде қосымшаға сәйкес электрондық және қағаз жеткізгішпен жібереді.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

біржолғы көмек төлеу үшін соғысқа қатысушылардың тізімдерін 3, 4-тармақтарда көрсетілген органдар ұсынған тізімдерді ескере отырып, жасайды;

жасалған тізімдер негізінде біржолғы көмек төлеуді соғысқа қатысушылардың әрқайсысына 30000 теңге мөлшерінде, банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда, сондай-ақ олардың "Қазпочта" акционерлік қоғамында зейнетақылар мен жәрдемақыларды есепке алу үшін ашылған жеке шоттарына қаражат аудару жолымен 2005 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде, 2005 жылғы 30 сәуірден кейін жаңадан келген, бұрынғы тұрған жері бойынша бұрын біржолғы көмек алмаған соғысқа қатысушыларға - 2005 жылғы 20 желтоқсанға дейін жүзеге асырады.

6. Банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарға, "Қазпочта" акционерлік қоғамының органдарына біржолғы көмек төлеу жөніндегі

қызметтерге ақы төлеу көрсетілген ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдар арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарт негізінде жүргізіледі.

7. Жергілікті атқарушы органдар соғысқа қатысушыларға біржолғы көмек төлеу туралы Министрлікті 2005 жылғы 2 мамырға дейінгі мерзімде, 2005 жылғы 25 желтоқсанға дейін - жаңадан келген, бұрын тұрған жері бойынша біржолғы көмек алмаған соғысқа қатысушыларға біржолғы көмек төлеу туралы хабардар етеді.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді жергілікті атқарушы органдардың пайдалану ережесіне

қосымша

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері ішінен біржолғы көмек алушылардың тізімдері

P/c	Ұлы Отан	Туған	Тұратын	Жеке	Әлеуметтік төлемдерді
N	соғысының	күні	жері	немесе	жүзеге асыратын
	қатысушылары			карт-	банктің (филиалдың)
	мен			шотының	және басқа ұйымның
	мүгедектерінің			N	атауы
	Т . А . Ә .				

М.О. _____
(Басшының Т.А.Ә. және қолы)